

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі №36 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 8 қарашадағы № 143 шешімі

2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің 2.3-бабының 4-тармағына және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі " Вьетнам Социалистік Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларға қатысты кедендік әкелу баждары ставкаларын қолдану туралы" №36 шешімінің 2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Егер Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ставкалары бойынша есептелген кедендік әкелу баждарының сомасы тізбеде көрсетілген кедендік әкелу баждарының ставкалары бойынша есептелген кедендік әкелу баждарының сомасынан төмен болған жағдайда Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкасы қолданылады."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*